

Аудандық коммуналдық меншіктегі мүліктерді жекешелендіру туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Құрманғазы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29 шілдедегі № 331 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 19 тамызда № 3593 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 185 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы ауданы әкімдігінің 28.05.2019 № 185 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 18 бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 "Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық коммуналдық меншіктегі мүліктер осы қаулының қосымшасына сәйкес жекешелендірілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж. Бектемировке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Шаяхметов

Аудан әкімдігінің 2016 жылғы "29"
шілдедегі № 331 қаулысына қосымша

Жекешелендіруге жататын аудандық коммуналдық меншіктегі мүліктердің тізбесі

№	Мүліктің атауы	Шығарылған жылы	Баланс ұстаушысы
1	Toyota Prado автокөлігі		"Құрманғазы ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі

	тіркеу нөмірі 055RK06	2007	
2	Ваз 21213 Нива автокөлігі тіркеу нөмірі E508BE	2004	"Атырау облысы Құрманғазы ауданы Байда ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
3	Газ 3102-121 автокөлігі тіркеу нөмірі E952BP	2007	"Атырау облысы Құрманғазы ауданы Киров ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК